

Тақырып: ТМД және ҚР бойынша көлік жүйесінің құжаттары

ҚЖК әлеуметтік үлгісі арқылы іске асырылатын бірінші тәсіл, әдетте, муниципалды меншіктегі автокөлік құрылымына негізделеді. Осындай құрылым көлік коммуникацияларына, автостанцияларға, қамтамасыздандырылған аялдау орындарына, арнайы байланыс құралдарына және т.б. қосымша тиісті бейімдегі автокөлік кәсіпорындары мен олардың қызметін үйлестіретін диспетчерлік орталық ұстай алады. Қалалық маршруттар инфракұрылымға тендерлік рәсімдер арқылы рұқсат алатын операторлардың біреуіне немесе шектеулі санына қызмет көрсетеді. Кейде операторлар, ҚЖК өндірістік қуаттары мен жылжымалы құрамды жалға алу жағдайларында бір мезгілде тасымалдаушы ролін де аткарады. Алайда, осы мақсат үшін тәуелсіз көлік серіктестіктері әлдеқайда жиі катыстырылады. Кез келген жағдайда операторлар мен жергілікті атқару органдарының барлық өзара қатынастары шарттық негізге құрылады және ұдайы қайта қаралып отырады. Осындай тәсіл аясында көлік инфракұрылымын дамыту және көлік құралдары паркін жаңғырту жөніндегі негізгі қаржы ауыртпалығын жергілікті өкіметтер алғып жүреді, ал операторлардың жауапкершілігіне ұсынылатын көлік қызмет көрсетулерінің көлемдері мен сапасы жүктеледі. Операторларды іріктеу кезіндегі жарыстың мерзімділігі мен жергілікті өкіметтердің өздерінің сайлаушыларына есеп берушілігі ҚЖК бүкіл жүйесін тұрақты жетілдіріп отыру үшін жақсы негіз болып табылады.

ҚЖК жұмыс істеуіндегі әлеуметтік үлгінің едәуір дәрежеде тек қана аймақтардың ғана емес, сонымен бірге тұтас алғандағы еліміздің экономикалық әл-ауқатына байланысты болатыны көпе-көрінеу жәйт. Сондықтан осы үлгі Еуропа мен Солтүстік Америкадағы бай елдерде барған сайын кеңінен таралуда, осы елдерде атальыш үлгіні ілгері бастырудың тағы бір маңызды ынталандыруы бар. ҚЖК әлеуметтік үлгісі жалпы пайдаланыстағы көліктің автомобильдердің жеке иелеріне қарама-қарсы қатынастарында қолдампаздық (протекционистік) саясатты барынша тиімді жүргізуге мүмкіндік жасайды. Қалалардың автомобиль көлігімен шамадан тыс молықтырылу жағдайларында осы фактор жергілікті өкіметтер үшін әбден өзекті фактор болып табылады.

ҚЖК жұмыс істеуінің басқа үлгісі көлік серіктестіктерінің жеке меншік, бәсекелік жарыс және толық өзін-өзі өтеу қағидаларына құрылады. ҚЖК жүйесінің рыноктық (нарықтық) осы нұсқасы қалалық жолаушы тасымалдарын қолдау үшін бюджет қаражаттарын қайсыбір қайта бөлуді талап етпейді, өйткені оларды қамтамасыз ету жөніндегі барлық қаржы шығындарын, жергілікті өкіметтер белгілеген ережелер бойынша рынокқа рұқсат алған көлік серіктестіктері көтереді.

ҚЖК рыноктық үлгісінің, артықшылығы әр түрлі операторлардың ешқандай делдалдық қызмет көрсетулерінің "тасымалдаушы - клиент" арасындағы тікелей өзара қатынас жүргізуімен тұжырымдалады. Бірақ ҚЖК бүкіл жүйесінің сенімді жұмыс істеуі және көлік инфракұрылымын перспективалы дамыту үшін бұл жағдайда қоғам, жергілікті өкіметтер мен көлік бизнесі мүдделерінің дәл балансын әзірлеу талап етіледі. ҚЖК жұмыс істеуінің рыноктық үлгісі дамушы елдерде (Оңтүстік Корея, Гонконг, Сингапур, Малайзия) және бір қызығы, консервативті Англияның бірката қалаларында кеңінен таралады.

Жалпы ҚЖК жұмыс істеу схемаларының айырмасы жеткілікті түрде шартты болып табылатынын және оның тек елден елге ғана емес, сонымен бірге мысалы, Ұлыбританияда орын алған үлгі сияқты қаладан қалаға көшкенде де өзгеріп отыратынын мойындау керек.

Қазақстандағы нақты экономикалық ахуал мен оның даму үрдістері ҚЖК жүйесін реформалау үшін жол таңдауға мұрша бермеді. Жолаушы автокәсіпорындарын ұстауға қаражаттардың жоқтығынан шешім ең түбөгейлі өзгерістердің пайдасына ойысып

отырды. Осындай шешімнің кабылдануына калалық жолаушы тасымалдарын қаражаттандыру үшін жергілікті өкіметтер жинайтын көлік салығын 1995 жылғы шілдеде жою түпкілікті козғау салды. Дағдарыс жағдайында осы арна арқылы бюджетке жинакталған ақша қаражаттарының іс жүзінде белгіленген шара бойынша түспегендіктеріне қарамастан, каржылай қамтамасыз ету көздерінің болмауының өзі-ақ ҚЖК жүйе ретінде одан ары қолданылу үмітін ұзді.

Қазақстанда ҚЖК реформаларының сара бағыты ретінде оның жұмыс істеудегі рыноктық үлгісіне біртінде көшу жолы тандалды.

Реформаларды әзірлеу мен іске асыруға кіріспес бұрын ҚЖК ағымдағы жай-күйінің нақты көрінісін қалпына келтіру талап етіледі. Соңғы зерттеулер мүлде бөлек әлеуметтік ортада, Кеңес Одағының кезінде жүргізілді және сондыктан олар талдау үшін жарамсыз болды. Жолаушы автокөлігі өндірістік бірлестіктерінің колда бар жедел акпараты да сондай-ақ дүдемал болды, өйткені олар бар мүмкіндігінше үлкен дотациялар алу үшін автокөлік кәсіпорындары сынатын әр қылышы бүрмаланатын сандық көрсеткіштерге негізделіп отырды.

Тақырып: ТМД және ҚР көлік жүйесі бойынша ережелері және заңнамалары

Жүктөрдің жеткізілуін жеделдету, сұрыптау жұмыстарының көлемін азайту және вагондардың жұмыс өнімділігін арттыру үшін вагон ағындарын барынша маршруттауға және вагондардың жинақталу үрдісін күтіп орынсыз тұрып қалуын болдырмауға тырысу керек. Бұл міндетті шешу әдістерінің бірі - жөнелтуші және сатылы маршруттаудың тиімді тұрларін барынша дамыту, ал бұл тікелей жүк тиесінде қосындарында вагондарды жинақтау шығынын болдырмауға (немесе шамалы шығынмен), алғыс сапарлық маршруттық пойыздар ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Жүк тиесінде өрнеді қосындарында маршруттық пойыздарға қамтылмай қалатын немесе жөнелту маршруттарынан жүк тұсіру станциясына дейін емес, тарату бекеттеріне дейін жүретін вагон ағындары сұрыптау және телімдік станцияларда мамандандырылған пойызға айналдырылуы тиіс. Мұнда вагондардың тұруын азайту үшін олардың станцияларға жоспарлы және жедел тұрде келуін, топтық пойыздарды құрастыруды және т.с.с. кеңінен қолдану қажет. Вагон ағындарын ұтымды ұйымдастыру вагондарды экономикалық жағынан пайдалы жүріс жолдарына бағыттауды, сондай-ақ вагон ағындарының жоғары транзиттік деңгейін және техникалық станцияларда вагондарды өнімсіз өңдеу көлемін барынша кемітуді қамтамасыз етуі тиіс. Пойыздарды құрастыру жоспары вагон ағындарын ұйымдастырудың негізін құрайды. Пойыздарды ұтымды құрастыру жоспарының мынадай артықшылықтары бар:

- вагондардың техникалық және жүк станцияларында тұру уақытын азайту;
- сұрыптау жұмыстарын барынша жарақтандырылған станцияларға шоғырландыру;
- көлік құралдарын пайдалану дәрежесін арттыру;
- кірме станциялар жұмысында теміржолдар мен кәсіпорындардың өзара әрекеттесіп жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Тұтас алғанда, пойыздарды құрастыру жоспары көбіне вагондардың жолда болу уақытын және жүктөрді жеткізу жылдамдығын айқындауды. Пойыздарды құрастыру жоспары көліктің техникалық құралдарының жүктелу деңгейін, станциялар мен жөнелту бекеттері және жүк пойыздарының баратын жерлері арасында сұрыптау және маневр жұмыстарын бөлуді көздейді. Пойыздарды құрастыру жоспарын жасау көптеген нұсқаларды және күрделі логикалық іс әрекеттерді есептеп шығаруды қажет ететін күрделі міндеттер катарына жатады.